

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №5 «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4

Жоспардың құрылу кезеңі 16.01-20.01 2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.01.2023	Сейсенбі 17.01.2023	Сәрсенбі 18.01.2023	Бейсенбі 19.01.2023	Жұма 20.01.2023
Балаларды қабылдау	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. (сөйлеуді дамыту).	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таныстыруға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойыны: «Қаз» картотека №10 Қаз қанатын жинап алды. Қауырсынды жуып алды. Оң а қарап, солға	Үстел-үсті ойыны картотека №9 «Эмоциялар» Мақсаты: сезімдерді ажырата білуді бекіту; мимикалық дағдыларды бекіту.	Дойын «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әртүрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге	Үстел-үсті ойыны картотека №17 «Үстелде нан қайдан пайда болады?» Мақсаты: баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді	Дойын: «Қарама-қарсы сөздер» Мақсаты: Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін

	карап, Жерден дәнді тауып алып, Дәннің бәрін шоқып алып, Қанаттарын жайып алып, Су мен жемге тойып алды. Саусақтармен сөздерді бейнелеу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру	балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру; өзін-өзі реттеу дағдыларын калыптастыру.	дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Ойын шарты: Суреттер тақтаға ілінеді. Бала өзі таңдаған мамандығын калап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді. Қоршаған орта	сөйлеуді дамыту, сөздік қорын және көкжиегін кеңейту. Балалар нан, күнбағыс майы және сиыр сүті дүкендерде қайдан және қалай пайда болатынын біледі. Қоршаған орта	дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. Ойын шарты: Балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала, тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айтуы керек. Көрнекілік: доп, карточкалар.
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату Картотека №10 Шашақпен (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жарық болса күніміз, Жарқын шығар үніміз, Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз!</i> Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаналықтармен бөлісуін ұйымдастыру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Үйымдастырылган іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Картотека №3 «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ-қоян Орнынан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы Әй-әй көйлек киеңші, Біреудің қолын үзеңші-дегенде қоян болған бала тақпақта айтылған қимылдың барлығын жасап бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуга тырысады. Егер бала шеңберді үзе, өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.	Музыка Пән жетекші жоспарымен	Дене шынықтыру Картотека №10 «Пойыз» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға поезд болып ойнайық, мен паравоз боламын, ал сендер вагонсыңдар, пуп-пуп-пуп. Паравоз белгі бергенде поезд ақырындайды, содан кейін қатты, яғни тез жүреді.	Дене шынықтыру Картотека №12 «Аттар» Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. «Ер қанаты –ат »деген ұғымды қалыптастыру. Жарыса ойнауға, ұлттық дәстүрді тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді.	Музыка Пән жетекші жоспарымен Қазақ тілі Дидактикалық ойын «Берілген дыбысқа сөзді ата» картотека №36 Мен қандай сөз айтамын, сол сөзден аяқталанады басқа келесі бала сөз айтуы тиіс
-------------------------------------	---	--	--	---	--

Сөйлеуді дамыту «Байланыс құралдары» Дидактикалық ойын: «Телефон» карточка №29 Ойынның ойыну шарты: тәрбиеші жаңа сөзді айтады, балалар бір-бірінің құлағына сыбырлап айтып шығады. Ең соңғы бала қандай сөз естігендігін айтып береді. Мысалы. Шарты: «Бағбан» сөзін шеңбер бойымен бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы, ең соңғы баладан қандай сөз естігендігін сұрау. «Г» дыбысына жаттығу орындау. Бағ-бағ-бағ-бағбан. Бұт-бұт-бұт-бұты. Қағ-қағ-қағ-қағаз. Математика Үялы телефондағы сандарды атап, санап үйрету. Сурет, жапсыру, мүсіндеу	Сөйлеуді дамыту «Көлік түрлері» Ойын: «Ұшты-ұшты не ұшты?» №20 Мақсаты: Баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету. Ойыну шарты: Ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек. Мысалы: Ұшты, ұшты – қарға ұшты! Ұшты, ұшты – қалам ұшты! Ұшты, ұшты – ұшақ ұшты. Ұшты, ұшты – сауысқан ұшты! Ұшты, ұшты – торғай ұшты! Балалар ойын шартын мұқият тыңдап алады. Қолдарын бір көтеріп, бір көтермейді. Математика Көліктің	Көркем әдебиет, Мазмұнды-рольді ойыны: Мазмұнды-рольді ойын: «Киім дүкені» №22 Мақсаты: Балаларды мамандыққа баулу, яғни дүкенші болуға ынталандыру және сыпайы сөйлеуге үйрету. Ойын шарты: Балалар ішінен бірі сатушы, ал қалғандары кезек-кезек сатып алушылар болады. Балалар барынша сыпайы болуға тырысады. Бірі дүкенге кіріп: «Сәлеметсіз бе?» – деп амандасады. Дүкенші: «Қош келдіңіз» – деп қарсы алады. Одан кейін сатып алушы өз ұсынысын айтады, ал сатушы қолғаптың бағасын айтады. Дүкенші қолғаптың сапасын, оның неден тоқылғанын сатып алушыға түсіндіріп өтеді. Ойынды қызыға ойнайды. Балалар өз	Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын: «Бұл не?» №25 Мақсаты: Жемістер мен көгөністерді ажыратып, дәмінің айырмашылығын және пішінін айта білуге үйрету. Ойын шарты: баланың көзі жұмылады. Қоржынға салынған көгөністер мен жемістер қолдарына алып, оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек. Ойында тапқан жемісімізді немесе көгөністі сипап сезу арқылы жылдам баяндап беру керек екенін айту. Математика Балаларға жемістер мен көгөністерді санау 10-ға дейін тура және кері Мүсіндеу, сурет салу, Жапсыру	Математика «1-ден 10-ға дейін тура және кері санау» Мақсаты: Топтағы ойыншықтарды тура және кері санатып үйрету. Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын: «Біз де» №24 Мақсаты: Баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: ойын жүргізуші ортаға шығып, өзінің ойын айтады. Ойынға қатысушылар «біз де» деп қосылып айтады. Егер келіспесе, «жок» деген жауап қайтарады. Мысалы: – Мен бакшаға барамын (біз де) – Топтағы ойыншықтарды сындырамын (жок) т.б.
---	---	---	---	--

	Балаларға телефон немесе басқа да байланыс құралын мүсіндетіп, суретін салғызу.	дөңгелектерін санатып үйрету Сурет, жапсыру, мүсіндеу Көлік түрлерін жапсыру, суретін салу, мүсіндеу	ойларын тиянақты жеткізуге тырысады. Сөйлеуді дамыту Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» №26 Максаты: Оң-солды ажырата білу, қолғаптың сыңарын дұрыс табуға үйрету. Ойын шарты: «Қолғаптың сыңарын тап» тапсырмасын орындау. Математика, сөйлеуді дамыту Саусақ жаттығуы Картотека №5 Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	Балаларға жемістер мен көкөністердің суретін немесе жапсыру, мүсіндеу	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Картотека №9 Бақылау: Шаршаны	Картотека № 10 Бақылау: Боранды	Картотека № 11 Бақылау: Мұзды	Картотека № 12 Бақылау: Қырауды	Картотека № 13 Бақылау: Торғайды

бақылау. Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру. Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте.	бақылау. Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру. Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Боран). Қимылдық ойын: «Байқап қал». Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын». Мақсаты: Айналадағы адамдарға ілтипатпен қарау. Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол. Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып	бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайганақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жалырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді катесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшаандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	бақылау. Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру. Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Қырау). Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу. Еңбексүйгіштікке үйрету. Жеке жұмыс: Аппак, аппак қар аппак, Қар жамылған дала аппак. Қырау, қырау тал аппак. Айналаның бәрі аппак. Мақсаты: Қыс мезгілінің бейнесін сипаттай білуге үйрете отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Топтасып,	бақылау. Мақсаты: Қыста құстардың көпшілігі жылы жакқа ұшып кетеді, торғай қыстап қалатын құс, оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу. Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу. Жеке жұмыс: «Торғай» тақпағын жаттату. Торғай, торғай тоқылдақ Жерден дәнді шоқып-ап, Бөтекесі бұлтыйып, Шик-шик етіп отырмақ. Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата
---	--	--	---	--

	жүр. Мақсаты: Жаңа жыл кеші шыршасыз өтпейтіні туралы түсіндіру.	балаларды сыпайыгершілікке, аламгершілікке баулу. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау. Еңбекқорлыққа баулу.		тату ойнауға шақыру. Ойынға қызығушылығын арттыру.	отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін ітермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Жаңа жыл туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қалау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)				

	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойыны: «Қаз» картотека №10 Қаз қанатын жиып алды. Қауырсының жуып алды. Оңға қарап, солға қарап. Жерден дәнді тауып алып, Дәннің бәрін шоқып алып, Қанаттарын жайып алып, Су мен жемге тойып алды. Саусақтармен сөздерді бейнелеу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Үстел-үсті ойыны картотека №9 «Эмоциялар» Мақсаты: сезімдерді ажырата білуді бекіту; мимикалық дағдыларды бекіту; балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру; өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.	Д/ойын «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әртүрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Ойын шарты: Суреттер тактаға ілінеді. Бала өзі таңдаған мамандығын қалап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді. Қоршаған орта	Үстел-үсті ойыны картотека №17 «Үстелде нан қайдан пайда болады?» Мақсаты: баланы логикалық ойлауға үйрету, үйлесімді сөйлеуді дамыту, сөздік қорын және көкжиегін кеңейту. Балалар нан, күнбағыс майы және сиыр сүті дүкендерде қайдан және қалай пайда болатынын біледі. Қоршаған орта	Д/ойын: «Қарама-қарсы сөздер» Мақсаты: Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. Ойын шарты: Балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала, тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айтуы керек. Көрнекілік: доп, карточкалар.
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын: «Не қайда өмір сүреді?» Картотека № 9 Мақсаты: Суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін	Дамытушы ойын таяқшалар. «Зымыран» Мақсаты: Бекнұрға. Таухарға таяқшаның көмегімен зымыранды құрастырып үйрету.	Санамақ «Бес саусақ» Оң қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай.	Дамытушы ойын таяқшалар. «Сәбіт» Мақсаты: Расулға. Айжанға таяқшаның көмегімен зымыранды құрастырып үйрету.	№ 4 Д/ойын: «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын

	айтқызы. Сөздік қорын молайту. Ойын шарты: әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретіні сұралады. Олардың немен қоректенетінін айтқызады. Көрнекіліктер: әр түрлі жануарлар, құстардың суреттері. Әділхан, Азиз		Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай Беске дейін санау (Ә. Табылдиев) Нұрислам, Асылдай		айтқызу. Жеке және жалпы ұғымын үйрету. Ойын шарты: Берілген әртүрлі суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, олардың жалпы атауын атайды. Әл-Фараби, Арсен
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №9 Салыстырмалы бақылау	Картотека №10 Салыстырмалы бақылау	Картотека №11 Салыстырмалы бақылау	Картотека №12 Салыстырмалы бақылау	Картотека №13 Салыстырмалы бақылау
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.	Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу.	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу.	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.

МКҚК әдіскері:
У.Г.Нурмухамметова
«13» 01 «2023 жыл

